

Бағалы қағаздар рыногын кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 30 шілде N 113. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 4 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 361. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.*

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы
N 392 қаулысына Қосымша
Күші жойылды деп танылатын нормативтік
құқықтық актілердің тізбесі*

4. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногын кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" 1997 жылғы 30 шілдедегі N 113 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 361 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, 1997 жыл, N 7-8)...

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметті реттеу және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Кастодиалдық қызметті жүзеге асыру үшін жеке капиталдың жеткілікті

деңгейі кемінде 2 миллиард теңге болып белгіленсін.<*><*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы Қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1997.11.11. N 191 V970071_ қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы Қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 67 V001078_ қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 28 ақпандағы N 30 қаулысының 1-тармағының 5 абзацтың күші жойылды деп танылсын.

3. Кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензияларды иеленген ұйымдар өз капиталдарын мынадай мерзімдерде төменде көрсетілген деңгейлерге жеткізсін :

1) кемінде 1,5 миллиард теңгеге - 2000 жылғы 01 қазанға дейін;

2) кемінде 2 миллиард теңгеге - 2001 жылғы 01 көкекке дейін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы Қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 67 V001078_ қаулысымен .

3-1. Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың өз капиталдарын есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциялық нормативтерді белгілейтін нормативті құқықтық актілеріне сәйкес жүргізілетіндігі белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 3-1-тармақпен толықтырылды- ҚР Бағалы Қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 27 маусымдағы N 72 V001205_ қаулысымен .

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы атқарушы аппаратының рынокты реттеу басқармасына және Ұлттық комиссияның оған жетекшілік ететін мүшесіне жүктелсін .

5. Қаулы қабылданған сәттен бастап күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасының м.а.